

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті
Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы даярлау бағыттары бойынша
академиялық комитет мәжілісінің
№3 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

03.03.2025 ж.

Қатысқандар: АК төрағасы – п.ғ.к., доцент Жумадуллаева Айгүл Аязбаевна; кафедра меңгерушісі, А.К. Рысбекова; п.ғ.к., доцент Джаздықбаева Мария Ботайқызы; аға оқытушы Халилаева Элмира Жақанқызы, жұмыс беруші өкіл «Алия» балабақша меңгерушісі Есетова Салтанат Махамбетовна, білімгерлер: 7М01202 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы ББ-ның магистранты Орынбасар Меруерт Бекбосынқызы; 6В01202 Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу ББ-ның студенті Абдурахманова Севара Абдуғаниқызы.

Қатыспағандар: -

Күн тәртібінде

1. Өзірленген, жаңартылған ББ Реестрге енгізу;
2. Аккредитация есептерін даярлау.

1-мәселе бойынша АК төрағасы, п.ғ.к., доцент Жумадуллаева Айгүл Аязбаевна: 6В01222 – Мектепке дейінгі білім беру (ІР) білім беру бағдарламасына Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығының қосымшасы негізінде талдау жасалып, өзгерістер болған жағдайда ұсыныстар беру қажеттілігі айтылды.

АК мүшесі, п.ғ.к., доцент Джаздықбаева Мария Ботайқызы: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығының қосымшасы негізінде 6В01222 – Мектепке дейінгі білім беру (ІР) білім беру бағдарламасына сәйкес келетінін айтылды.

АК мүшесі, аға оқытушы Халилаева Элмира Жақанқызы: Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Сондықтан болашақ мамандардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастырып, нәтижеге бағытталған мақсаттарды қалыптастыратын және дамытатын процесс болуы қажет. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығының қосымшасы негізінде 6В01222 – Мектепке дейінгі білім беру (ІР) білім беру бағдарламасына енгізілетін өзгерістер білім беру жүйесінің дамуына ықпал етіп, болашақ мамандардың жаңа идеялармен және заманауи әдістемелермен жұмыс жасауына негіз болады.

АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі, «Алия» балабақша меңгерушісі Есетова Салтанат Махамбетовна: Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге көшу барысында болашақ мамандардың мемлекеттік стандартта көрсетілген нәтижелерге жетуінде кәсіби шеберлікті меңгеру, зерттеу біліктері мен дағдыларының дамуы маңызды рөл атқарады. Бүгінгі талқыланып отырған өзгерістер болашақ мамандардың құзыреттіліктерін жетілдіруге ғана емес, сондай-ақ оларды үнемі оқып-үйренуге және өзін-өзі дамытуға бағыттайды.

2-мәселе бойынша Кафедра меңгерушісі, Рысбекова А.Қ : Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау процедурасын

ұйымдастыру және өткізу стандарттары мен критерийлері негізінде аккредитацияға арналған есеп дайындалды. Бұл есеп білім беру бағдарламасының сапасын бағалау, оны жетілдіру және аккредитация талаптарына сәйкестігін көрсету мақсатында әзірленді.

Жұмыс тобының мүшелері есепті даярлау барысында бағдарламаның академиялық мазмұнын, білім алушылардың жетістіктерін, оқытушылар құрамының біліктілігін, материалдық-техникалық базаны және білім беру процесінің ұйымдастырылуын жан-жақты талдады.

Жұмыс тобының тізімі:

№	Ф.И.О.	Ғылыми дәрежесі	Лауазымы
1	Куралбаева А.А	PhD, доцент	Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультетінің деканы
2	Рысбекова А.Қ.	к.п.н.	«Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедра меңгерушісі
3	Джаздықбаева М.Б.	к.п.н.	«Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасының доценті
4	Жумадуллаева А.А.	к.п.н.	«Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасының доценті
5	Кайбулдаева Г.А	к.п.н., доцент	«Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасының доценті
6	Мейірбекова Г.П.	PhD	«Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасының аға оқытушысы
7	Халилаева Э.Ж.	-	«Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасының аға оқытушысы

Жұмыс тобы есептің құрылымын стандарттарға сәйкестендіріп, қажетті құжаттарды жинақтап, білім беру бағдарламасының сапасын дәлелдейтін талдаулар жүргізді. Бұл жұмыс аккредитациялау рәсімінің талаптарын толық орындауға бағытталған.

АК төрағасы, п.ғ.к., доцент Жумадуллаева Айгүл Аязбаевна: Құрметті АК мүшелері, алда бізді үлкен және маңызды жұмыстар күтіп тұр. Егер біз бірлесе жұмыс атқарсақ, барлық мәселелердің оңтайлы шешімін табатынымызға сенімдімін.

ШЕШІМ:


- 6B01222 – Мектепке дейінгі білім беру (IP)білім беру бағдарламасына Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығының қосымшасы негізінде жасалған талдау нәтижесі назарға алынсын және факультеттің оқу әдістемелік комитетіне ұсынылсын.
- Аккредитация есептері дайын болғандықтан, олар бекітіліп, құзырлы органдарға ұсынылсын.

АК төрағасы:



Жумадуллаева А.А.

Хатшысы:



Орынбасар М.Б.